

№15 тақырып



Ағаш егу



Керек дерек

Ағаш егу мәселесінде маңызды үш элемент бар:

- (1) Ағаш егілетін арақашықтық;
- (2) Түпаралық (көршілес екі ағаштың арақашықтығы);
- (3) Ағаш саны.

Белгілі бір аралықта егілген ағаштар санын анықтауда қолданылатын негізгі формулалар:

I. Екі жақ шетінде ағаш егілетін болса:



Ағаш саны = жалпы арақашықтық ÷ түп аралық ұзындық + 1

II. Бір жақ шетіне егіп, бір жақ шетіне екпесе:




Ағаш саны = жалпы арақашықтық ÷ түп аралық ұзындық

III. Екі жақ шетінде ағаш егілмесе:



Ағаш саны = жалпы арақашықтық ÷ түп аралық ұзындық - 1

IV. Тұйықталған аралықта ағаш егілсе:



Ағаш саны = жалпы арақашықтық ÷ түп аралық ұзындық

Ағаш егу мәселесі қабаттардағы баспалдақты санау, кинотеатрдағы қатарлар, орындар санын анықтау қатарлы мәселелердің типтік формасы.



Миға шабуыл

Ұзындығы 20 м бақша жолының бір жағына, әр 4 м жерге бір ағаштан егу жоспарланды. Жолдың екі басына да егілу керек болса, қанша түп ағаш керек?

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|
| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |



Қиын есепке оңай жол !!!

1-мысал. Оқушылар 15 м ұзындықтағы жолдың бір жағына, әр 3 м жерге бір түп ағаштан екті (екі жақ шетінде егілген). Онда барлығы қанша түп ағаш егілді?

Шешуі. Ағаш саны = жалпы арақашықтық ÷ түп аралық ұзындық + 1 формуласына негізделіп ағаш санын есептейміз. Онда:

$$\text{Ағаш саны} = 15 \div 3 + 1 = 6 \text{ түп ағаш.}$$

Жауабы: Барлығы 6 түп ағаш екен.




Ақыл-ой жаттығуы


1. 45 м ұзындықтағы жолдың бір жағына басынан аяғына дейін әр 5 м аралыққа бір түп ағаш егу жоспарланды. Барлығы қанша түп ағаш керек?

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|
| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |


2. Берілген сызбадағы заңдылықты пайдаланып, ④- кескінді сал.




①



②




③




④


3. Берілген суретті көлемі мен формасы бірдей үш бөлікке бөл әрі әр бөлікте бір кішкене дөңгелек болуы керек.



4. Суреттегі әрбір фигура бір цифрды бейнелейді. Әр қатардағы фигуралар 3 таңбалы санды құрайды, олар: 791, 275, 362, 612. Онда екінші қатардағы фигуралар қандай сандарды білдіреді?






5. Суретте бір текшенің 4 түрлі жағдайындағы сызбасы берілген. Суретке мұқият назар салып, әр жануардың қарсы бетінде қандай жануар бар екенін тап.



6. Екі 5 теңгелік және үш 20 теңгелік монеталардан барлығы қанша түрлі ұқсамаған ақша құрауға болады?


7. Төменде гүлзардың сызбасы берілген. Сондағы берілген мәліметтерге негізделіп, оны қоршауға қанша ұзындықтағы ағаш кететінін есепте. (бірлігі - метр)



8. Қызыл, сары, көк, жасыл төрт түрлі түстің біреуімен төмендегі берілген торкөздің біреуін боя. Барлығы қанша түрлі ұқсамаған бояу тәсілі бар? (қызыл-сары мен сары-қызыл екеуі бір тәсіл).



9. Асқар мен Баян ұзындықтары бірдей ағаш бөліктерін кеспекші. Асқар әр ағаш кесегін 3 бөлікке, Баян 2 бөлікке кесуі керек. Бірдей уақыт өткеннен кейін, Асқар 6 ағаш бөлігін кескенін, ал Баян 10 ағаш бөлігін кескенін байқайды. Сенің ойыңша қайсысының жұмыс істеуі тез?



10. Төменде берілген дұрыс емес теңдіктен 1 шырпыны жылжыту арқылы теңдікті дұрыста.

